

УДК 91

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ЖАНА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Задабекова Аяулы Қалдыжанқызы

aiaulizadabekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті «7М01524 - География педагогтерін даярлау» мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қаласы

Ғылыми жетекші - Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ г.ғ.д., Физикалық және эконмикалық география кафедрасының профессоры Сапаров К.Т

Қазіргі таңда оқу үдерісіне «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар көкейкесті мәселелердің тоғысында пайда болып, оқу үдерісіндегі әдістемелерге жаңаша тұрғыдан қарап, оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталады. Осыған орай кез-келген студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылуы керек. Еліміздің тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті жолдауының баға жетпес құндылығы айқын бағыт-бағдар үлгісі ретінде ұсынуда. Демек, «Қазақстан – 2050» стратегиясы құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт өлшемі. «Қазақстан – 2050» бағдарламасының басты мақсаты еліміздің ХХІ ғасырдың ортасында әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына енуі болып табылады. Қазіргі таңда білім деңгейіне өте жоғарғы деңгейде көңіл аударуда. Сол себепті инновациялық білім беру білім деңгейін жоғарлатуға берілген үлкен мүмкіндік болып саналады. Дәстүрлі білім беруді алғы шарттарын негіз етіп алып оған инновациялық технологиялармен толықтырсақ білім берудің жаңа қадамдарына жол ашамыз [1].

География сабағына қажетті көрнекілік, жаңаны тану ретінде де, ой немесе әңгімені елестету үшін де, аңғарымдылығын дамыту үшін де, материалды еске сақтау үшін де қолданылады. Көрнекілік құралдар оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде қолданылады: жаңа білімді хабарлаған кезде, кейде мұғалім жаңа білімді хабарлауы орнына (мысалы, кинофильмді көрсету, тәжірибе жасау); білімді орнықтыру және іскерлік пен дағдыны қалыптастыру кезінде үйге берілген тапсырмаларды орындаған кезде сызбаларды сызу, кестелерді жасау, суреттемелерді орындау және т.б.; меңгеруді бақылаған кезде (мысалы, карта, кесте бойынша айтып беру, аспаптар құрлысын түсіндіру). Көрнекілік оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып пайдаланылады[2].

Әлеуметтік тәжірибені, ақпараттарды игеруде, ұрпақтар арасындағы рухани құндылықтардың бір-біріне берілуін сақтауда, тұлғаны әлеуметтендіруде, олардың әлеуметтік мәртебесін көтеруде – білімнің орны ерекше. Қазіргі білім – азаматтық қоғамдағы әлеуметтік талаптарға бағытталған күрделі де жан-жақты қоғамдық құбылыс, оқыту және тәрбиелеу түріндегі педагогикалық әрекеттің тұтас жүйесі. Кез келген кәсіптегі маманды қалыптастыруда мамандыққасай білім алу қаншалықты өткір мәселе болса, сонымен қатар «жеке маман тұлғаны» өзіндік дамытуда оны шығармашылықпен терең іргетасын

дайындау соншалықты алғы шарт. Білім беру жүйесіндегі негізгі талап – сабақта білім берудің жаңа технологиясы әдістерін қолдана отырып, халықтық педагогикамен ұштастыру және оқушыларды өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей алатындай деңгейге жеткізу.

Соңғы кезде мектеп оқушыларының оқу пәндеріне деген қызығушылығы мен белсенділігі әр түрлі себептерге байланысты біршама төмендеп барады. Оқушы мұғалімнің сабақ кезінде берген материалдарын түсініп, келесі сабақта ең үлгірімі нашар оқушының білімі «үш» — деген бағаға сай келу керек екендігін өмір дәлелдеп отыр. Үлгерімі нашар оқушыларды осындай дәрежеге жеткізу үшін сабақ кезінде мұғалім мен оқушы арасында жақсы қарым-қатынас байланысы болу қажет. Сабақ кезінде әр оқушы пән мұғалімімен бірге сабақта берілетін материалдарды бірлесіп талқылап, тұжырымдап, қорытындылап және кейбір жағдайда мұғалімнің айтайын деген ойын әрі қарай жалғастырып отыратын күйге жеткен кезде ғана тақырыптың негізгі мазмұны түсінікті болуы мүмкін. Мұғалім мен оқушылардың байланысы 45 минут ішінде үзілмеуі баланың пәнге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. Оқу үрдісін мұндай деңгейге жеткізу үшін, мұғалім өз ісінде ең жоғарғы шеберлігін көрсетіп, бар ынта-шынтысымен әр түрлі әдістерді қолдана отырып сабақ өткізуді қажет етеді. Көп жағдайда сабақтың жақсы немесе нашар өтуі мұғалімнің ұйымдастыру кезеңін дұрыс, біркелкі ретке келтірмегендігіне де байланысты[3].

Қазақстанда қазір білім берудің ұлттық моделін орнату жүріп жатыр. Бұл процесс білім беру парадигмасының өзгеруімен қатар жүріп жатыр (парадигма грек тілінен «мысал, үлгі»). Теориялар мен әдістемелердің негізгі жетістіктерінің жүйесі үлгіге алына отырып білім және пән бойынша зерттеу практикасы ұйымдастырылуда. Жалпы білім беретін мектептердегі жұмыс барысында болып жататын өзгерістер оқытуда, оқушылардың оқу әрекетінде де дәстүрлі түрлерін өзгертуді және жаңа түрлерін пайдалануды ұсынады. Бүгінгі күні теорияда және жұмыс практикасында оқыту-тәрбиелеу процесінің көптеген нұсқалары бар. Әрбір автор және орындаушы педагогикалық процесіне өзінің жеке ойларын, түзетулерін енгізеді. Соған байланысты әрбір нақты технология авторлық болып саналады. Оқыту технологиялары - жоспарлау, жүйелеу әдісі. Оқытудың тиімді формаларына жету үшін адамдық және техникалық ресурстарды меңгеру керек және олардың өзара байланысын ескере отырып білімді процесте қолдана білу қажет. Оқыту технологиялары - оқыту мақсаттары тиімді іске асуын қамтамасыз етуі керек; әрбір педагог кез келген білім беру мекемесінде пайдалана алатындай болу керек; оқытудың жаңа технологияларының психологиялық мәні – оқыту үрдісін жоспарлау керек немесе оқыту психологиялық бағытталған болуы қажет. Оқу процесінде қолданылатын ең тиімді технологиялардың бірі - оқу жүйесі арқылы іске асатын педагогикалық технологиялар болып табылады. Бұл жағдайда оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы - сабақ өзгереді. Оның өзгеруі мектептің білім беру тұжырымдамасымен байланысты. Қазіргі сабақтардың ерекшеліктері бірлесе жұмыс істеу атмосферасы, оқушылармен қарым-қатынасындағы өзгеріс, оларды оқуға, ұстаз еңбегіне араластыру. Сондықтан да ұстаз сабақ барысында күшін оқушылардың танымдық әрекетін өздігінен ұйымдастыруды үйретуге жұмсайды. Егер де сабақты шығармашылық бағытта өткізсе, сабақ біркелкі, күнделікті, шаршататындай болмайды. Соңғы кезде сарамандық сабақтарды ойын түрінде өткізілетін сабақтар көп қолданылуда. Географияны оқыту әдістемесінде дидактикалық танымдық ойындар бұрыннан белгілі, бірақ бүкіл сабақта қолданылмады (тек психологиялық, физикалық шаршағанды басу үшін эпизодтық түрде қолданылды). Сарамандық сабақтардағы ойын әрекеттері танымдық әрекеттермен қатар оқу үрдісінің негізі бола алады. Оқыту барысында ойындар әрқашан оқу материалдарымен байланыста болады, әрі оқушыларды қызықтыратын жағдай туғызады. Ол оқушыларға оқу мәліметтерін тез әрі жеңіл қабылдауға көмектеседі[4].

Географияны оқыту барысында тақырыпты меңгеру деңгейі мына жағдайларда жоғарлайды:

- ойындар өткізу әдістемесінің теориялық негізін жасауда география курсының сызықтық-сатылық логикасы ескеріледі;

- ойындар мектеп курсындағы негізгі экономикалық және экономикалық-географиялық түсініктерді ашу және қалыптастыру үшін өткізіледі;

- ойынды өткізу процесінде оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыратын әдістер мен құралдар қолданылады; берілген иммитациялық ситуацияда шешім қабылдау ұстанымдары ашылад

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологияларды айта кететін болсам төмендегідей:

- дамыта отырып оқыту әдістемесі
- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- ойын технологияларын қолдану
- дискуссия сабақтары
- интеграциялық сабақ
- топпен жұмыс
- проект әдісі (жоба)
- рольдік ойындар
- лекция – семинар сабақтары
- проблемалық оқыту әдісі
- «Миға шабуыл» әдісі
- бинарлы сабақ
- экскурсия сабағы
- Жеке адамға бағдарлы
- дөңгелек үстел
- дебат сабақтары
- саяхат сабақтары

Деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат-сынып оқушыларын қабілеті және қабілетсіз деп жасанды әр түрлі жіктерге бөлуді болдырма. Осы арқылы деңгейлік және дербес оқыту,сонымен қатар барлық оқушыға қатысты ізгілендіру ұстанымдары сақталады. Сондай-ақ деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады. Демек, қандай оқушы болсын, өзінің жақсы оқитындығына қарамастан оқушылық міндетті, яғни бірінші деңгейдегі жұмысын орындаудан бастайды. Нәтижеде бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының білім туралы заңы талаптарына сай міндетті бірінші деңгейдегі толық игеруін жүзеге асырады. Мұндай есепке алып жүйесін жүргізу нәтижесінде білімді толық меңгеріп алатынын тәжірибеден байқап жүрміз өйткені,алғашқы деңгей тапсырмаларын толық және дұрыс орындамайынша олар келесі деңгейге көшпейді, міндетті деңгейдегі толық меңгерген оқушылар әрі қарай ілгері ұмтылады, өзіне өзінің сенімі артады.

Оқушылардың танымдық қабілетін жетілдіретін ең кең тараған, ең байырғы тәсілдердің бірі - мұғалімнің сұрақ қоюы. Бірақ мұғалім сұрағы оқушының тақырыпты игергенін тексеру құралы ретінде емес, оқушының білім қорын анықтайтындай дәрежеде қойылуы керек. Осы тұрғыда мен өзім сабақ беретін сыныптарымда «Ол кім? Бұл не?» немесе «Неге? Қалай? Қашан?» деген сұрақтарды жиі пайдаланамын. Мысалы, 7 сыныптарда әрбір материктерді оқып болғаннан кейін «Ол кім? Бұл не?» сұрақтарын пайдаланамын. Ол үшін оқушыларға кім, не деген сұрақтарға жауап беретін сөздер беремін, олар оның жауабын айтып отырады. Солтүстік Америка материгі үшін: Колорадо -? Бизон -? Үндістер -? Йеллоустон -? Маккензи -? Прерии -? Тундра -? Секвойя -? Оттава -? Колумб -? т. с. с. Жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдерді және т.б. түрлерін сабақта[5].

Инновациялық технологиялармен білім деңгейін қаншалықты жоғарлатамыз?

Шет елдердің зеттеулеріне жанеде отандық ғалымдардың жүргізген тәжірибелеріне сүйене отырып білім деңгейін өте жоғарғы деңгейге көтеруге болады. Бәрақ ол тікелей мұғалімге байланысты. Себебі мұғалім қай әдісті қалай қолдану керектігін анық білуә тиіс. Осы көрселтілген технологиялармен оқушылардың білім деңгейін арттыру оны дамыту біршама жеңілдей түседі. Не деген мен инновациялық технологиялар барлығы дерлік

ұтымды бола бермейді. Сол себепті оларды дұрыстап талдай білу қажет. Әр оқушының өзіндік ерекшелігін ескеру аса маңызды.

Қорытындылай келе географияны оқытуда жана инновациялық технологиялар білім берудегі ең үлкен қатам. Оқушыларға тылсым дүниенің жаңа бағыттырын көрсетіп алға ұмтылдырыды. Қартадаға немесе глобустағы бейнелерді басқа жағынан қарау талдау жасау өз ойын айқындай жана өзгерістерге мүмкіндік алу. Ой өрісі тек мектеп деңгейінде ғана емес шыныққан оқушылар қатарын көбейту. Бір сөзбен айтқанда бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Н.Ә. Назарбаевтың “Қазақстан-2050“ стратегиясы.
2. Алимов. А. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» Алматы, 2012ж.
3. К.Ж. Бұзаубақова. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2009 ж.
4. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006 ж.
5. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004